



# Сыр бойы

9 сәуір, сейсенбі 2024 жыл

№54 (20728)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

### /// ПРЕЗИДЕНТ

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты ҮНДЕУІ



**Күрметті отандастар!**  
Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаныңа белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Ақпараттық штаб құрылды. Премьер-министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауыма.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаныңа қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабарлар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымыз айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір женнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

### ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен телефон арқылы сөйлесті.

Аталған облыстардың әкімдері Президентке өңірлердегі ахуал жайында, табиғи апатпен күресу және су тасқынының зардаптарын жою үшін қабылданған шаралар жөнінде есеп берді.

Аймақ басшыларының айтуынша, жалпы жағдай жіті бақылауда, табиғи апатпен күресу үшін адам күші де, техника да жеткілікті.

Президенттің тапсырмасымен Республикалық штабқа жетекшілік ететін Премьер-министр Олжас Бектенов бастаған Үкімет мүшелері су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға жіберілген болатын. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың керек-жарағын шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарылып жатыр.

### КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ НАУҚАНЫН БАСТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастауды тапсырды.

Сонымен қатар жолдарды ретке келтіру міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болмақ.

Жалпы өңірлердің басшылары қалаларды лайықты және тартымды жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керек.

### /// ИГІЛІК

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ТАҒЫ ДА ҚОНЫСТОЙ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 150 отбасыға пәтер кілтін табыстады.



Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты қоныстоймен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Жетілдірілген жаңа ипотекалық енгізілу және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады» деп атап өткен болатын.

Халықтың аз қамтылған тобына баспана беру, қамқорлық көрсету – еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарының негізгі басымдығы. Өңірде бұл бағытта тындырымды тірлік атқарылууда. Өткен жыл аймақта 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды. Нәтижесінде 2 400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты. Биыл бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1 269 пәтерлік 67 тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Алдағы уақытта бұл көлем тағы да ұлғаймақ. Жыл басынан бері 252 отбасы баспаналы болған еді, бүгін міне, өздеріңіздің қатысуларыңызбен 150 отбасы қоныс тойын тойлайды. Ендігі аптада «Сыр жастары» жетілдірілген ипотекалық несиесі бағдарламасымен тағы да 60 шақты жас отбасыға баспана кілтін табысталады, – деді облыс әкімі.



Айта кетейік, бүгінгі пәтерлер мүгедектігі бар азаматтарға, толық емес отбасыларға және жетім балаларға берілді. Жаңа 60 және 90 пәтерлік көпқабатты тұрғын үйлерді «Сәт Сервис» және «СК Дөнекер» ЖШС салды.

Рәсімде Айсулу Ошпанова қоныстой иелері атынан қуанышын жеткізіп, құрылыс саласының ардагері Ақмұрат Мадияров ақ батасын берді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан тұрғындар мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер

мекеме қызметкерлері марапатталды.

Қазір Қызылорда қаласы мен елді мекендерде бой көтерген әлеуметтік нысандардың сәулетті, сапалы және үйлесімді болуына баса назар аударылады. Жаңа құрылысқа қойылатын талаптардың бұл-жәйтпай орындалуы да қатаң бақылауда.

Бүгінде сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернаты бой көтеруде. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 10 мектеп ел игілігіне табысталады, тағы 11-нің құрылысы басталады. Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», «Жанақорған, Шиели аудандарында «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынады. Өткен жылы «Отбасы орталығы» және «Анаға тағзым» орталығы өз қызметін бастады. Жақында 1000 орындық «Өнер орталығы» салтанатты түрде ашылса, Сол жағалаудан жаңа әлкетану музейі бой көтермек.

### /// ШТАБ ОТЫРЫСЫ

## АРНАЙЫ ТЕХНИКА МЕН АДАМ КҮШІ ДАЙЫН

Жексенбі күні ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

Үкімет басшысы құзырлы мемлекеттік органдарға және облыс әкімдеріне су тасқынынан зардап шеккендерге барлық тиісті көмек көрсету қажеттігін ескертті.

Штаб отырысынан кейінгі мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев су тасқынының алдын алу шараларын қатаң бақылауда ұстап, еліміздің зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды.

– Су тасқыны еліміздегі ең өзекті мәселеге айналды. Республиканың бірқатар өңірлерінде табиғи апат болып, өзге де облыстарды су алу қаупі туындауда. Қазір аймақта алдын алу шаралары қабылданған. Өңірлік штаб құрылып, су басу қаупі бар 29 аймаққа 364 арнайы техника мен 1 102 адам күші бар 116 жауапты мекеме бекітілді. Қазір 7 су қоймасының 6-уы қарғын су алуға, 100 пайыз толғандықтан, транзиттік режимде жұмыс жасауда. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, су қоймаларындағы су деңгейін қадағалау үшін тұрақты түрде кезекшілік ұйымдастырып, жағдайды бақылауда ұстаныздар, – деді аймақ басшысы.



Айта кетейік, қазір Қостанай, Ақтөбе облыстарында Қызылорда облысынан барған 66 құтқарушы және 9 арнайы техника, 4 қайық, 20 мотопомпа жұмыс жасауда. Еріктілер барлық аудандар мен Қызылорда қаласынан 112 тонна гуманитарлық көмек (азық-түлік, көрпе-төсек, гигиеналық құралдар, дәрі-дәрмек, құрылыс заттары) жинап, Ақтөбе қаласы мен Қобда ауданына 25 жүк көлігімен жөнелтті. Оған қоса 2,5 млн теңге қаржы Ақтөбе облысында ашылған есепшоттарға аударылды. Тасқыннан зардап шеккен басқа өңірлерге де гуманитарлық көмек көрсету үшін «Жастар орталықтары» жанынан, сауда үйлері мен базарлардан пункттер ашылған. Бұл бастаманы Сыр өңірінің жанашыр азаматтары мен еріктілер қолдап, өз үлестерін қосуда.

2-бет



### ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақстан Ұлттық құрылтайының үшінші жиыны еліміздің мұнайлы астанасы – Атырауда өтті. Ұлттық құрылтайдың бұл кезекті басқосуы қасиетті Рамазан айы, Жыл басы Наурыз

мерекесімен тұспа-тұс келді. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда жасаған маңызды баяндамасы үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін еместігіне, әйгілі Сарайшық қаласының осы маңда екеніне мән беріп, тарихымызға назар аударудан басталды.

Президент «Сарайшық шаһары Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ

хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқа-

тары Сарайшықта мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерленген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар» деп, қазақ халқының терең тарихына шолу жасады.

3-бет



/// ПИКИР-ПАЙЫМ

ҚИЫНДЫҚТЫ  
ЕҢСЕРУДІҢ  
ЖОЛЫН КӨРСЕТТІ

Қазақстанның Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, т.б. он аймағының табиғи су апаты зардабын тартып жатқаны жанымызға батып отыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үндеуі осы көңіл алаңдаушылығына демеу болды.

«Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы» деді Президент.

Осыған орай Үкіметке материалдық резервтерді пайдалануды тапсырды. Сонымен бірге зардап шеккендердің материалдық шығындары мемлекет тарапынан өтелетінін айтты.

«Мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды» деді Президенттің Үндеуіндегі осындай сөздері қарапайым халықтың сенімін нықтап, жақсылыққа бастағаны анық.

Бұл жағдайда әрқайсымыз да жерін су басқан халқымыздың көңілін су алдырмай, жігерлендіре білуіміз маңызды. Қазак

халқы – қашаннан да күйреуік емес, күрескер. «Уайым түбі – тұңғық, батасың да кетесің, тәуекел түбі – желқайық, мінесің де өтесің» деп әр іске нақты әрекетпен жауап беруді жақтаған.

Дегенмен, әртүрлі ақпарат таратып, алаңдаушылыққа уайым қосатындар да бар. Ауыз-бірлікті аздыратындарға тоқтам керек. Президенттің өзі де БАҚ өкілдері, қоғам белсенділері мен блогерлерді тек ресми ақпарат таратуға шақырды.

Мұндай ауқымды су тасқыны сексен жылдан бері болмаған екен. Әрине, әрбір төтенше жағдайдың алдын алуға тиісті саланың тастүйін дайындығы болуы маңызды. Президент бұған қатты мән беріп, атқарушы орган басшыларына қатаң ескерту жасағаны мәлім.

«Ордаң да аттап, оттан да шыққанбыз» деп ақындар айтқандай, бұл қиындықтан да шығатынымыз анық. Ел Президенті өз Үндеуінде осы жайтты жан-жақты баян етіп, барша халықтың басына түскен қиындықты еңсерудің тіке жолын атап көрсетті.

«Бір басшыға мың қосшы» дегендей, Үкімет адамдары да, аймақ басшылары да тыным таппай, етікпен су кешкен ел ішінде жүр.

Осының бәрін көріп-біліп отырған біз елге сабырлық тілеп, жадыраған жақсы күндеріміз көп болсын деген тілек айтамыз.

Әріп ХОЖБАНОВ,  
облыстық қоғамдық кеңес  
төрағасы

ТАБИҒАТТЫҢ  
ТОСЫН МІНЕЗІНЕ  
ДАЙЫН БОЛУ КЕРЕК

Бүгінде еліміздің көптеген аймағында су тасқыны салдарынан ауыртпалық болып жатыр.

Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауында. Президент су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеуін жариялады. Онда бұл проблеманың туындауына қандай жағдайлар әсер еткенін атап өтіп, шығу жолдары жөнінде пікірін білдірді.

Расында, Мемлекет басшысы атап өткеніндей, кейінгі жылдары су шаруашылығы саласына немқұрайлы қарау белең алып кеткенін жасыра алмаймыз. Кезінде осы мақсатта тәжірибелі мамандар жұмыс жасап, елді тасқын судан аман сақтап

қалды. Жалпы табиғаттың тосын мінезіне қай уақытта да сақтықпен қарауымыз қажет.

Өкініштісі, қазір оған көбіміз мән бере бермейміз. Мәселен, кезінде топан судың елді мекендерге тікелей бармауы үшін су жолдары жиі тазаланып тұратын еді. Бүгінде бұл ереже сақталма бермейді.

Сондай-ақ су басу қаупі бар аумақтарға тұрғын үйлер салынып кетті. Айналып келгенде, осындай сәтте жағдайды қиындатып, қаншама шығын болды. Ендігі кезекте бәріміздің алдымызда су тасқынына әрдайым дайын болу міндеті тұр.

Оған қоса су шаруашылығы саласы мамандарын дайындауға барынша назар аударуымыз керек. Мемлекет басшысы өз Үндеуінде осындай жағдайларды кенінен қамтып, бұл бағытта алдағы уақытта тиісті іс-шаралардың қолға алынатынын атап өтті. Қай сәтте де елдің бірлігі мұндай қиындықтарды еңсеретіні белгілі. Сол себепті бүгінгі жіберген қателігіміз ертеңгі күнге сабақ болады деген ойдам.

Жорабек НҰРЫМБЕТОВ,  
«ҚазСуШар» РМК  
Қызылорда филиалының  
«Қызылордасушар» өндірістік  
учаскесінің басшысы.

## АРНАЙЫ ТЕХНИКА МЕН АДАМ КҮШІ ДАЙЫН



Суретерді түсірген Бағдат Есканов

Мұнан бөлек, мәжілісте 6 сәуір-11 мамыр аралығында көгалдандыру және санитарлық тазалыққа бағытталған «Таза Қазақстан» акциясын жоғары деңгейде өткізу туралы жауапты тұлғаларға тапсырма берілді. Акцияның әр аптасына белгілі бір тақырыптық атау қойылған. Мәселен, 6-13 сәуір аралығындағы «Таза өлке» аптасында тұрғындар, қоғам белсенділері, мекемелер мен кәсіпорындар өз аумақтарына тазалық жұмыстарын жүргізеді. «Киелі мекен» деп аталатын екінші аптада тарихи-мәдени ескерткіштер аумағын абаттандыру, тазалығын қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылады. Ал «Жасыл аймақ» аптасында тал егіліп, ағаштар әктемлек. «Өнегелі ұрпақ» аптасындағы шаралар қала және аудандардағы ардагерлердің ауласын, «Қарттар үйлерінің» аумағын тазалауға,

абаттандыруға бағытталады. «Мөлдір бұлақ» аптасында өзен-сулардың аумағы қоқыстан тазартылады.

Жиында халықты су басқан аймақтарда атқарылған жұмыстар туралы кеңінен ақпараттандыру және апап болған өңір тұрғындарына көмек көрсету мәселелері талқыланды. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығын ұдайы бақылауға ұстау тапсырылды.

Еске салсақ, су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Үндеу жариялады. Үндеуде айтылған тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету үшін Президент Әкімшілігі басшысының бұйрығы бекітілді.

/// ДАРИЯ ДЕНГЕЙІ

## СУ НЫСАНДАРЫ ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА

Сыр өңіріне табиғи су апатынан ешқандай қауіп төнгені жоқ. Сырдария арқылы келіп жатқан су деңгейі де жоғары емес. Облыс аумағындағы су қоймаларында жинақталған су мөлшері де алаңдата қоймайды. Облыстағы су шаруашылығы саласының мамандары бұл жағдайды жіті бақылап отыр.

«Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаевтың айтуынша, кейінгі жылдарда дария деңгейі төмен. Быыл «Шардарадан» жоғары бөлікте орналасқан су қоймаларында 12,2 млрд текше метр су жинақталған. Ол бытырғы жылмен салыстырғанда 812 млн текше метрге кем. Қазір «Шардарадан» 4,7 млрд текше метр су бар. Ол бытыр 5 млрд текше метр еді.

– Әлетте, көктем мезгілінде Қырғызстан энергетикалық режимге көшіп, дария бойындағы бастапқы «Токтағұл» су қоймасына қажетті суды мөлшарлай алмайды. Сондықтан алдағы күндерде судың деңгейіне байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Бұл бағытта қазақстандық мамандар қажетті іс-шараларды қолға алды. Ендігі кезекте судың лимитіне байланысты Шымкентте мемлекетаралық комиссияның отырысы өткізіледі. Онда судың жағдайы кенінен талқыланып, дария бойындағы елдердің ішкі қажеттілігіне байланысты су лимиті белгіленеді. Сондықтан әзірге ол жөнінде нақты тұжырым жасай алмаймыз. Быыл дариядағы сәтті жүрісу судың төмен болуына байланысты қауіпсіз өтті, – деді Қ.Сәрсенбаев.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары

Қайрат Жансұлтанұлы сәуір айының басында өңірдегі барлық су тоспасы тексерілгенін атап өтті.

– Облыста Жаңақорған ауданында «Бесарық», «Жиделі», «Көлтаған», «Қыраш», Манап су тоспалары мен тоғандары орналасқан. Ал Арал ауданының Сексеуіл кенті аймағында «Құмсай» бөгеті бар. Бұл орындардың барлығы облыс әкімінің тапсырмасымен сала мамандарының тікелей бақылауында тұрғанын айта кеткеніміз артық болмас. Олардың ешбірінде қауіпті жағдай тіркеліп отырған жоқ. Соған қарамастан, өңірдегі әрбір су нысаны ұдайы бақылауда, – деді ол.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА ТЕРМИНАЛДА  
ЖҰМЫС ҚЫЗУ

Сенбі күні аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылыс алаңына барды.

Аталған нысан таяуда ел игілігіне табысталмақ. Жобаға бағытталған 20 млрд теңгенің 15 млрд 700 млн теңгесі Болат Өтемұратов қорынан бөлінген. Жергілікті бюджеттің 4 млрд 300 млн теңге қаржысы инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға, яғни жылу, су, электр, телефон және қаріз, желілерін, автожол жүргізуге жұмсалды.

Қазір әуежай және оған іргелес аумақ абаттандырылуда. Осы аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспе тас және 3630 шаршы метр қиыршық тас төселетін болады.

«Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасына 634 050 млн теңге бөлініп, 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынууда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы айдың соңында аяқталады.

Айта кетейік, қазіргі әуежай жылына 306 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 500 мың астам жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаймақ. Жалпы алаңы 7500 шаршы метр болатын әуежайда телескопиялық трап, жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтер қарастырылған.



/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАУ ЖАСАЛУЫ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте аймақтың салық базасын ұлғайту жолдары қаралды.

Аймақ басшысы аталған мәселенің маңыздылығына тоқталып, жан-жақты талдау арқылы бюджетке қосымша кіріс көздерін іздестіруді тапсырды.

– Бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау – басты міндетіміз. Осы орайда бюджеттің тиімділігін арттыру үшін салық базасын ұлғайту жайы апта сайын қаралуда. Өткен аптадағы мәжілісте жауапты басқармаларға, департамент басшыларына, қала, аудан әкімдеріне әрбір салық түсімі, салық төлеушілер бойынша талдау жасап, жергілікті бюджет түсімінің

резервтерін анықтау тапсырылды. Бюджет түсімінің өсімі бірінші кезекте жеке бизнес қызметін заңдастыру, инвестиция тарту, нақты салықтық базаны анықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық деңгейдегі әкімдер өз құзыреті шегінде облыс бюджетінің кіріс бөлігін толықтыруға аса жауапкершілікпен қарауы қажет, – деді облыс әкімі.

Жиында мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Әділбек Бекішев, аудан әкімдері мен облыстық басқарма басшылары атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Мәселен, Арал ауданында бір апта ішінде 3 кәсіпорын тіркеліп, жылына 16 млн теңге салық төлейтін болды. Мұнан бөлек, шама-

мен 50-70 млн теңге салық төлейтін өзге аймақтағы 7 кәсіпкерлік субъектісін ауданды тіркеу үшін құжаттары рәсімделуде. Қазалы ауданында сырттан 18 кәсіпкерлік субъектісін тіркеу жұмыстары жүргізілді. Корпоративтік, жеке табыс, көлік салығынан 50 млн теңге түседі деп күтілуде.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі 2024 жылғы жергілікті бюджет кірістерінің айлық бөлінісін болжамы және оның орындалуы тұрақты қалағаланынын ескертті. Барлық деңгейдегі әкімдер, басқармалар, аймақтық департаменттер және кірістер органдары салық базасын ұлғайту жұмыстарын күшейтуі қажет екенін атап өтті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Қызылорда облысынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының шығып қалған депутатының орнына 2024 жылғы 25 сәуірге тағайындалған сайлауда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың таңдаушылармен кездесу кестесі

№	Аудан, қала атауы	Күні	Уақыты	Өтетін орны
1	Сырдария ауданы	8 сәуір	15:30	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
2	Жалағаш ауданы	9 сәуір	15:30	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
3	Қармақшы ауданы	10 сәуір	15:30	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
4	Қазалы ауданы	11 сәуір	11:00	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
5	Арал ауданы	11 сәуір	16:30	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
6	Жанақорған ауданы	15 сәуір	11:00	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
7	Шиелі ауданы	15 сәуір	16:00	Аудан мәслихатының мәжіліс залы
8	Қызылорда қаласы	16 сәуір	15:30	Қала мәслихатының мәжіліс залы

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы» газетіне кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 22950 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші бетте орналастыру – 500 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

syrgboyi.kz ақпараттық агенттігіне (сайт) кандидаттың үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2024 жылға баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.  
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта);  
Instagram: Post (video, photo, reels) – 10 000 теңге Stories – 5 000 теңге  
Facebook: Post (video, photo) – 7000 теңге  
Telegram: Post (мәтін) – 7 000 теңге (мәтін + фото/видео) – 10 000 теңге

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынылған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: smjartnama@mail.ru



Шынында, ұлан-ғайыр Ұлы даланың қай жерінде де қазақтың тарихы тұнып тұр. Еуропаның бірнеше мемлекеті сыйып кететін кең-байтақ қазақ даласының кадр-қасиетін, қазақ халқының басынан өткен қилы кезеңдерді шын бағалай алып жүрміз бе деген ой келеді. Ал Мемлекет басшысы өз баяндамасында «Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымды кен екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркенінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған өгілгі Жошы ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Менің бастамамен Жошы ұлысын зерттейтін ғылыми институт құрылды.



Қазір Қазақстанның жеті томдық жаңа асыл дінімізді сақтауымыз керектігін айтылды. «Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз» деді. Дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беруге, ислам қағидаларын өрескел бұрмалауға жол бермеуге ерекше назар аудару керектігін нақты мысалдармен жеткізді.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есімін жаздырып қалың халыққа елділік пен патриоттық рухын қалыптастыруға жаңа маңызылығы кенінен сөз болды. Елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» орденінің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атау ұсынылды. Халқымыздың біртұтас перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктетеді деген сенім білдірді.

Құрылтайда Мемлекет басшысы қозғаған тағы бір маңызды мәселе – қоғамды жайлаған, қоғамның дертінге айналған бес кеселмен: есірткі саудасы, нашақорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, бұллинг және агрессия, вандализммен күресті белсенді жүргізу, оған тосқауыл қою болды. Шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне келергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуға шақырылды. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам болатынын, қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бірлесіпді жұмылуы керек екенін қалап айтты.

Президент мұнан кейін еліміздегі экономикалық серпілістерге тоқталып, бірнеше бағытта атқарылып жатқан он істерді баяндап берді. Саяси реформаларды жүзеге асыруға Ұлттық құрылтай мүшелері де белсене атсалысып алатынын жеткізіп, оларға үлкен жауапкершілік артты.

Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болуды ескертті. Мемлекет басшысы барлық ойларын қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталды. Мемлекет басшысының сөзінде еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керектігі, Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтитыны, сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатқаны айтылды. Президент сөзімен айтатын болсақ, біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беругіміз керек.

«Адал азамат» дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам, яғни адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды». «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы ұшпағанды озық әрі табысты елге айналдырудың басты кілті деуге болатынын, балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керектігін ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды, олар – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ғылым, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық пен Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жанашылдық. Мінекей, осындай ұлттың жаңа сапасын, жаңа келбетін қалыптастыруға бүкіл қоғам болып бірігуіміз, оны әрі қарай іске асыруымыз керектігін атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы береке-бірлікті сақтау елдігіміз үшін аса маңызды екенін айтты. Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұйыса түседі деді. «Елдің тұтастығы зиялы қауымның тұтастығынан басталады, алдымен ел ағалары ұрпаққа өнеге болатын келелі кесек әңгіме айтуы қажет. Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты талқылау көбейіп барды. Қаламгерлеріміз, тіпті Шыңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын,

# «САҚ СТИЛІ» БАНКНОТТАРЫНЫҢ ЖАҢА СЕРИЯСЫ ТУРАЛЫ

Ұлттық Банк банкноттардың жаңа сериясын кезең-кезеңімен шығара бастады. Жаңа серия «Сақ стилі» элементтеріне негізделген және Қазақстанның мұрасын бейнелейді. Шығарылым тегінің қорғау дәрежесін арттыруға және елдің мәдени құндылықтары мен тарихын дәріптеуге бағытталған.

Әлемдік практикада қолдан ақша жасауға жол бермес үшін әр 7-8 жыл сайын банкноттардың дизайны өзгеріп, жаңа түрі шығып тұрады. Жаңадан қорғаныш элементтері енгізіліп, банкнот дайындауда жаңа технологиялар қолданылады.

Осылайша, Ұлттық Банк әлемдік практикада бар жаңа қорғаныш элементтеріне тұрақты негізде талдау жүргізеді. Бұл ұлттық валютаны жоғары деңгейде қорғауға және қолдан жасауға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Жаңа банкноттар сериясы сақ мәдениетіне, олардың кең-байтақ даламыздың табиғаты мен жануарлар әлемімен байланысына арналған.

500 тенге	= 125x70 мм;
1 000 тенге	= 130x70 мм;
2 000 тенге	= 135x70 мм;
5 000 тенге	= 140x70 мм;
10 000 тенге	= 145x70 мм;
20 000 тенге	= 150x70 мм.

Сондай-ақ банкноттардың қорғаныш кешені айтарлықтай қайта қаралды. Дизайнға банкноттардың дайындаудағы ең озық технологиялар ескерілді. Опсеттік және терен инталго баспты шығару сияқты банкноттарды қорғаудың дәстүрлі әдістерімен қатар ең жаңа қорғаныш элементтері пайдаланылды.

Қазақстан банкноттарының да халық оңай танытын қорғау дәрежелері болғанмен, оларды өндіру өте күрделі. Бұл – түсін өзгертетін бояу, түсін құбылтанатын әсері бар жіптер, голограммалар, жоғары беделді бейнелер мен басқа да элементтер. Жалпы, біздің ұлттық валюта

керлердің көп жылғы еңбектері мен материалдары зерделеніп, пайдаланылды.

Тұжырымдаманы әзірлеуге заманауи еңбектерде қолданылды «Қазақ ою-өрнегінің этнографиялық атласы» авторы Ералы Оспанұлы және «Қазақ ою-өрнегі» авторынан Ерлан Қожабаев.

Банкноттардың жаңа сериясының ерекшелігі жаңартылған көлемі. Ұлттық Банктің мамандары әлемдік практикада пайдаланылатын банкноттардың мөлшеріне талдау жүргізді. Оның нәтижелері банкноттардың азайтылған мөлшері қайта есептеу, сақтау және тасымалдау үшін ыңғайлы екенін көрсетті.

Осылайша, жаңа банкноттық серия мынадай өлшемдерге ие:

«Сақ стилі» атты жаңа банкнотта сериясының дизайнын Ұлттық Банктің бас дизайнері әзірледі. Дьёрдь Алмаши, Рихард Карути, Григорий Потанин, Самуил Дудин, Әлкей Марғұлан, Төлеу Басенов, Кемаль Ақышев, Зайнолла Самашев, Виктор Зайберг, Қырым Алтынбеков сияқты қазақстандық және халықаралық ғалымдардың, археологтардың, антропологтардың, этнографтардың, суретшілер мен реставратордың және Қазақстанның тарихын, ою-өрнегі мен өнерін зерттеуге баға жетпес үлес қосқан басқа да көптеген көрнекті қайрат-

Тенге әлемдегі ең қорғалған банкноттардың бірі болып табылады.

Ұлттық банк жаңа «Сақ стилі» банкноттарды айналымға кезең-кезеңімен шығаруды жоспарлап отыр және 2025 жылдың соңына дейін.

Жаңа дизайндағы банкноттар айналымға шығарылғаннан кейін алдыңғы үлгідегі банкноттар біртіндеп айналымнан алынады. Бұл кезең халыққа еш әсер етпейді.

Сонымен қатар Ұлттық Банктің филиалдары ескі үлгідегі банкноттарды жаңа үлгідегі банкноттарға мерзімсіз айыр-бастайтын болады.

Ұлттық Банк ескі және жаңа үлгідегі банкноттардың 1 жыл қатар айналым кезеңін бекітеді. Ол қажеттілікке қарай ұзартылуы мүмкін. Қатар айналым кезеңінде ескі және жаңа банкноттар заңды төлем құралы болып табылады. Олар барлық төлем мен аударымдар бойынша қабылданады. Олар Ұлттық Банктің, «Қазпошта» АҚ мен ЕДБ-нің барлық филиалдарында шектеусіз ұсақталады және айыр-басталады.

Қатар айналым кезеңі аяқталғаннан кейін барлық банк пен «Қазпошта» АҚ тағы 3 жыл ішінде ескі үлгідегі банкноттарды жаңа үлгідегі банкноттарға айыр-бастайтын болады. Осы 3 жыл өткеннен кейін Ұлттық Банктің филиалдары ескі дизайн банкноттарын мерзімсіз айыр-бастауды жалғастырады.

ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оған 250-ден астам ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман жұмылдырылды. Академиялық басылымның осындай үлгісін әзірлеу тәжірибесінде алғаш рет Жошы ұлысына жеке том арналмақ» дегі бұл ойымыздың түйінін шешкендей. Осындай біздің тарихымыздың терең екенін, егемендік алып, дербес мемлекет болып әлемдік қауымдастыққа енгеннен кейін біз де халқымыздың өткенін терең зерттеп, өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу борышымыз деп есептейміз. Мұны Мемлекет басшысының баяндамасы нақтылап берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайдағы баяндамасында бытыр Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланғанын жеткізе отырып, елімізде қайталанбас табиғи және тарихи мекендердің көптігін айтып, «Алтынменел» және «Барсақалмас» ЮНЕСКО мұралары тізіміне енгізілсе, теңдесі жоқ орындардың бірі, біздің ұлттық мақтанышымыз бұл – Үстірт қорығы екенін, ол жердегі тағы бір таңғажайып мұра – жерасты мешіттері екенін атап өтті. «Батыс аймақта осындай 20-дан астам мешіт бар. Тарихи нысандар әртүрлі кезеңде салынған және бір-бірінен өзгеше. Ондағы тылсым табиғат көріністері туристердің ерекше қызығушылығын туғызады. Шетелдің танымал кәсіби фотографтары оны суретке түсіру үшін алыстан арнайы келеді» деп, тиісті мемлекеттік органдарға Ұлттық комиссиямен бірлесіп, осы нысандарды ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жөніндегі жұмысты бастауды тапсыратынын жеткізді.

Сонымен бірге Қазақстанда «Таңбалы тастар мекені» деп бекер айтпайтынын атап өтті. Еуразия құрлығындағы петроглиф ең көп жердің бірі – «Ешкіөлмес» жотасы, «Арпаөзен», «Құлжабас», «Сауысқан» сайларында сақталған көптеген тарихи суреттер туралы баяндады. «Бұл жәдігерлер – Дала өркенінің санамыз жылдық шежіресі. Соңғы жылдары құрылысқа қажет деген желеумен кейбір жәдігерлеріміз бүлініп жатыр. Біз теңдессіз тарихи нысандарымыз жоюға жол бермей, мұқият қорғауымыз керек. Құзырлы органдарға тиісті шара қабылдауды тапсырамын. Қажет болса, заңнамаға өзгеріс енгізу мәселесін қарастырып жөн» деп, еліміздің археология саласындағы түйткілді мәселелерге кеңірек тоқталды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесіне айрықша көңіл бөлді. Оның пікірінше, еліміздің рухани дербестігін сақтап, нығайта түсу үшін біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйейміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көпшілігінің, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет деді. Баяндамада радикалды неопиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға тауға тырысып жүргенін, бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екенін атап көрсетті.

Сондай-ақ, ислам дінінің Ұлы дала төрінде таралып, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі әлеміндегі сопылық ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Йасауи мұраларын терең зерделеп, дәріптеуге де айрықша назар аударуды тапсырды. Сонымен бірге Йасауи кесенесіне қатысты өз ойын білдіріп, нақты тапсырмалар берді.

Бізге дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беругіміз қажет екені, ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған

# ЖАС ӨРКЕНДІ БІЛІМГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН



Адам өмірінде тындырған ісімен көптің есінде қалады. Мақұлбек ағайды жұртшылықтың әлі күнге дейін ұмытпайтыны ол мұғалімдерді, оқушыларды еске алғанда терең зерттейтін. Кімнің қандай маман иесі болатынын ерте болжайтын. Жана келген мұғалімдерге методикалық әдісті өз сабағы арқылы үйрететін. Жұмыс жасауына еркіндік беретін. Мұғалімді сабағы арқылы бағалайтын. Магистрант арқылы өзінің және басқаларының сабағын жазып алып, мұғалімдерге сөйлеу мәнерін, оқушымен қарым-қатынас жасауды тыңдататын. Ата-аналар жиналысын тоқсан алып өткізетін. Тәрбие жайында лекциялар, әңгімелер тыңдалып, қорытынды жасалатын. Соңынан ата-аналарға концерт қойылатын. Өзі жас шағында мектептің көркемөнерпаздар үйірмесін басқарған.

Мақұлбек Рүстемов 1929 жылы «Ортақшыл» ауылында дүниеге келген. Жетіжылдық мектепте оқып, бітіргеннен кейін Қызылордадағы педагогикалық училищенің түседі. «Ортақшыл», Абай мектептерінде еңбек еткен, кейін өз мектебіне қайта келіп қызмет жасады. 1959 жылдан «Жөлек» мектебінде мұғалім, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болды. Ол кезде мектеп директоры Алексей Кузнецов еді.

1968-1986 жылдары мектеп директоры болып қызмет атқарды. Білімі мен парасаты жоғары жан болатын. Ерекшелігі – қатарластарынан көп ілгері болуы, білімге ұмтылуы, халыққа қалтқысыз қызмет етуі. 1987 жылы 1 қаңтарда 58 жасында өмірден озды. Өкініштісі, еңбегін зейнетін көре алмады. Дегенмен ұлан-ғайыр іс бітті. Ізін жалғастырар жүздеген шәкірттері, ұлағатты ұрпағының болуы көңілге медет.

Ол аса талапшыл, жаңашыл, білімділігі арқасында мектепті аудандағы алдыңғы қатарлы білім ошағы етті. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, «Жөлек» ауылдық округінің депутаты және «Жөлек» ауылдық кеңесі шешімімен «Үздік жыл адамы» атанды. «Ауылдың Құрметті азаматы» атағы берілді.

Оның кісілігімен қатар көрегенділігі, әдептілігі, алғырлығы, қызметтегі қатаңдығы көпке үлгі болатын. Елге қадірлі еді. Ұстаз бен шәкірт ретіндегі қарым-қатынасымыз өте жақын болды.

Сөйлеу мәдениетінде де, жауада да қазақ тілінің қаліп-қасиетін, күшін, құдіретін менгерген басшы болды. Мектепке, қоғамға, елге, заманына беретінін берген, еңбегі жанған, Қылдыр қарап, бақ дарыған бақытты ұстаз еді.

Қанша жыл ауырып жүрсе де, өз ақылмен, сонан соң Құдай қосқан жары Айымжан апамыздың қолдауымен ауруын жеңді.

Қай жағынан қарасаң да терең, тұңғыш, өте күрделі тұлға екенін білетіндердің бәрі мойындайтын. Бойындағы жақсы қасиеті бірді-екілі көрген адамға байқала бермейді. Қыр-сырын тереңде бүгін ұстайтын. Оны бақалау үшін ақыл-парасат, терең түсіну үшін жұмыста, тұрмыста, қуанышта, қайғыда, ашу үстінде, дастарханда, туыстар арасында

көру керек. Жақсы жұмысқа қуанып, болмайды, орындалмайды дегенді түсінген жоқ. Кадрларды тани білді, іздеді, тапты. Оларды тыңдап, тәрбиеледі. Жастарды қолдап, қорғай білді, сақтап, өсірді. Ужымдастар дастарханын гүлдендіріп отыратын. Өзі демалатын, өзгелерді де демалдырып көңілдерін көтеріп, ән салдыратын.

Ертенгі жұмысқа тәртібі қатал еді. Дегенде ірілігі мен кішілігі жарасқан, адал еңсесі жазған адам еді. Мақұлбек ағаның дастарханы ең жақын достарына, ағайын-туыстарына, өзі оқытқан, құрметтейтін шәкірттеріне, қадір тұтқан аға-інілерге жайылатын. Ұстазым, сынып жетекшім болған жанның өнегелі өмір жолынан осылайша сыр шерттім.

– Марapatты ұстаздың алары анық, сара бағыт, Мақұлбек – білікті, қатал ұстаз, Тұрады көңілімде дараланып. Жеткіздің жас өркенді таңға бәрін, Көз алдымда химияны талдағаның, Шалқар теңіз шабытты біліміңе, Қайран ұстаз, қазір де таңғаламын. Күн де батады, жұддыз да сенеді, гүл де солады. Табиғаттың қатал заңы, адам да өмірден өтеді. Бірақ қадірлі ұстаздың өнегесі ұмытылмайды.

Сәуір ЕСЕНҚҰЛОВ, ардагер-ұстаз

Фотос: Аманжол



/// КӘСІП

## БАНАН ӨСІРГЕН БАҒБАН



Қызылордалық Ақерке Кеңесбайқызы 23 жылдан бері жылыжай шаруашылығымен айналысады. Кейінгі үш жылда ол тропикалық жеміс ағаштарын егуді қолға алған.

Ақерке Кеңесбайқызы Қызылордадағы «Болашақ» университетінде аға оқытушы болып қызмет атқарады, ауыл

шаруашылығы ғылымдарының магистрі. Бағбан жылыжайда негізінен қияр, қызанақ, қырыққабат өсіреді. Сондай-ақ олардың қатарында лимон мен банан да алыстан менмұндалап тұр.

– Сыр өңірінде жылыжай шаруашылығы кеңінен дамымай тұр. Оның бірнеше себебі бар. Ұзақ жыл бойы даладағы егіс алқабында еңбек еткен агроном жылыжайда жұмыс істеп кете алмайды. Өйткені, жылыжай – басқа әлем. Сондықтан бұл саланың қыр-сырын жақсы білетін тәжірибелі мамандар жетіспейді. Бұл іспен айналысқысы келген азаматтар мамандардың көмегіне жүгінгені дұрыс, – дейді ол.

– Менің ойымша, тиісті талабын сақтай алсаңыз, жылыжайда барлығын өсіруге болады. Ол үшін қажетті жағдайды жасау керек. Мәселен, бананды 2-3 ай бұрын еккен едік. Ол да бойын тіктеп, жылыжайда өсетінін дәлелдей түсті. Енді үш айдан кейін гүлдей бастайды деген болжам бар. Банан алдымен гүлдеп, 8-9 айдан кейін толық піседі, – деді Ақерке Кеңесбайқызы.

кейін маған «Неге Сарығашта өскен өсімдік Қызылордада өспейді?» деген ой келді. Сөйтіп, ол жақтан 40 түп көшет алып келдік. Оны «Болашақ» университетінің жылыжайына отырғыздық. Қазір барлығы алып тұр. Оны күтіп-баптауды толық зерттедік. Бұған байланысты бізден ақыл-кеңес алып жүргендер бар, – дейді ол.

Сондай-ақ аталған жылыжайда өсіп жатқан банан да көздің жауын алады.

– Менің ойымша, тиісті талабын сақтай алсаңыз, жылыжайда барлығын өсіруге болады. Ол үшін қажетті жағдайды жасау керек. Мәселен, бананды 2-3 ай бұрын еккен едік. Ол да бойын тіктеп, жылыжайда өсетінін дәлелдей түсті. Енді үш айдан кейін гүлдей бастайды деген болжам бар. Банан алдымен гүлдеп, 8-9 айдан кейін толық піседі, – деді Ақерке Кеңесбайқызы.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»



Досмат деген көрші ауылдың кісісі құмның бетінде жылтырап жатқан бір затқа көзі түсіп, бұл не болды екен деп қалтасына сала салады. Қай замандыкі екенін кім білсін, бұл бір ескі, тот басқан тын екен. Сыздыққа көрсетейін деп ойлайды. Сыздық алтын-күмістен әшекей соғатын зергер де еді.

– Мына бір ақша ма, әлде не, алтын емес пе, көріп байқашы, – дейді Досмат Сыздыққа. Ол болса әлгі дөңгелек тынды егеумен екі рет сүйкеп өтіп, қобдишаға лақтыра салады. Не екен деп Досмат та сұрамайды, алтын болса болар деп Сыздық та айтпайды.

Бір ауылдағы тойға Сыздықтың әйелі Құлшара алтын сырға тағып барыпты. «Бай ат мінсе құтты болсын дейді, кедей ат мінсе қайдан алдың дейді» деген. Жұрт қайдан алдың деп қызғады. Құлшара – ақкөңіл, сыр жасырып қалмайтын адам. «Шалым ескі тыннан шығарды» депті.

Мұны естіген Досмат келіп: – Женгем алтын сырға тағыпты, – дейді.

– Алтын тауып әкелетін қайнысы болса, тақпай қайтсін, – депті сонда Сыздық.

Көп әңгіме айтпайтын ағасын мұнан әрі сөйлеткісі келмеген Досмат та үндемей бұрылып жүре беріпті.

Міне, ауыл адамдарының кеңдігі, мәрттігі дегеніміз осы. Алтын үшін суға итеріп, отқа лақтырып жіберетіндер де жетеді. Құдай сақтасын, дегенмен қазықтың кендігіндей кеңдік кімде бар?

Мына бір оқиға да сол заманда өткен. Біздің әңгімемізге қатысты болмаса да желілес, жерге тастауға қимайсың.

Бір бала түйе жетектеп Ақме-

шітке келсе, көшеде бір татар әйел майға пісірілген бәліш сатып тұр екен.

– Ал, бала, ал, – депті ол өзіне жақынды берген түйелі қазаққа, әлгі бала бәліштің үш-төртеуін алып жеп, бетін сипап кетіп бара жатыр дейді.

– Әй, малай, тоқта, ақшасын кім төлейді? – деп сонда сатушы әйел оның шалғайына жармасады ғой.

– Құдайы күлшеге ақша ала ма? – дейді бала.

– Бұл – пирожки шырағым, құдайы күлшенді ауылында жейсің, балтай-шалтай хватит, давай ақша!

Осы жанжалдың үстіне сәнді киінген бір қазақ азаматы келіп қалады. Басында бәліш, қолында тері сомке, оқыған кісіге ұқсайды.

– Не болып жатыр? – дейді ол.

– Мына малай ақшасын төлемей жатыр, – дейді әйел.

– Сізге қанша беруі керек? – Үш сом.

– Ма, үш сом. Ал, бала, сен тағы да жейсің бе?

– Ия, жеймін, – деп бала тағы төрт-бес бәлішті алып кете береді. Онысына рахмет деймейді, ана кісі рахметін қайда деп сұрамайды. Татар әйел бұған аузын ашып қарап тұрыпты.

Өзін зор санайтын орыс та, алып санайтын ағылшын да бұлай істемес. Болмаған күнде бір-біріне рахметін айтар. Айтпаса рахметін қайда деп сұрап еді. Міне, қазақы мәдениет және бұл – оның өзіне ғана тән ең биік мәдениет.

Сыздық пен Досматтың әңгімесі де осыған ұқсайды.

Дүйсенбек АЯШУ, ПЫ,  
«Сыр бойы»

/// ҚОЛӨНЕР



## СЫҢҒЫР ШОЛПЫ ШАШБАУЛЫМ, ЖАРАСАДЫ ТАҚҚАНЫҢ...

Ұлттық бұйымдарды заманауи стильмен сәйкестендіріп ұсынуға, күнделікті образдарға қоса білуге де ептілік пен талғам керек. Он саусағынан өнері тамған қазалық Нұрбану Сағырбек – кәсіби білім алмаса да, тәжірибе мен талғам арқылы түрлі ұлттық әшекейлер мен тақияға тапсырыс қабылдап жүрген қолөнер шебері.

Қыз баласын ерекше қадірлеген қазақ халқы бойжеткеннің бұрымына тағатын әшекейіне де көңіл бөлгені белгілі. Әсіресе, екі үзбелі етіп, күмістен соғылған шолпы қазақ қызының қадірі мен құрметін одан әрі арттыра түскен. Ұлттық әшекейге бүгінгі қоғамның да сұранысы жоғары.

– Зергерлер бұдан басқа да шаш салпыншағын – шашбауды, сондай-ақ білезік, жүзік, сырға, қапсырма, ілгек, саукееле әшекейін, түйме мен түрлі түйреуіш жасаған. Қазір де көптеп талғамы мен сұранысына ие болған шашбау – қыз-келіншектер тағатын сәндік әшекей бұйымның бірі. Әйел шашының ажарын аша түсіп, өрілген бұрымының ұшын бекіту үшін алтын, күміс тындар, кейде маржан қалалған бұйым таққан. Оны түркі халықтары ежелден қолданып келеді. Бір жағынан бұл бұйым шаштың өсуіне ықпал етеді.

Ал сырға тағу барлық елдің дәстүрінде бар. Қазақы нақыштағы сырғада ою-өрнек пен ұлттық бояу қанық. Сондай-ақ ұзатылатын қызға алдымен сырға салу дәстүрі де қазірге дейін жалғасып келеді. Ассортиментте шашбау, шекелік, тақия, шолпы, алқа, сырға бар, – дейді кәсіпкер.

Әйтеке би кенті «Арзан» базарында орналасқан қолөнершінің жұмыстарын Instagram әлеуметтік желісінде @kazaly\_ruchnaya.gabota парақшасынан да көріп, танысуға, онлайн тапсырыс беруге бола-

ды. Тұрақты тапсырыс берушілері мен өз аудиториясын жинай білген қолөнершінің айтуынша, әшекей бұйымдарды жасау аса қиындық тудырып, ұзақ уақыт алмайды.

– Дайын фурнитураларды біріктіріп, ұлттық әшекейлерді құрастырамын. Атадан балаға жалғасқан өнер десек болатын шығар. Анам – қолөнерге жақын адам. «Шеше көрген тон пішер» дейді қазақ. Менің қолымнан шыққан ұлттық әшекейлерге қызығып, үйренгісі келетін қыздар да көп. Олардың да дайын фурнитураларды арнайы алдырып, қиялына қарай қанат бітіруге болады. Әрине, қолдың ептілігі мен шыдамдылық қажет. Әшекей жасау емес, тігін бойынша курс өткізу ойымда бар. Алдағы уақытта жақсылап жо-спарлап алып кірісем деймін.

Ұлттық әшекей бұйымдарға Қазалы қаласының өзінен, ауылдарынан, тіпті, өзге қалалардан тапсырыс берушілер де бар. Ондай тапсырыс қабылдау арқылы осы жылы көбіне өзге қалаларға өдеттегіден де мол сырға мен шашбау дайындалды. Мен секілді қолөнермен айналысатын, қазақы әшекейлерді ұсынатын кәсіпкерлер көп. Тіптен, жыл сайын саңы артады. Сондықтан бағаны арзан, халықтың қалтасына қонымды етіп ұсындым. Ең арзан баға деп танылып, адамдар бір-бірінен естіп білді ме, биыл тапсырыс бірнеше есе артты. Наурыз мерекесі мен Ұлттық киім күні қарсаңында тақия мен қазақша қорсеттер де сағылымнан түспеді. Кәсіпте береке бар деп жатады. Ал мен маңдай тердің мерейі дер едім, – дейді ол.

Дина БӨКЕБАЙ,  
«Сыр бойы»

/// ҚҰҚЫҚ

## Форумда өзекті мәселе талқыланды

Қызылорда облысы прокуратурасының ұйымдастыруымен «Азаптаудың алдын алудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы форум өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – азаптаудың алдын алу шараларын пысықтау және қызметкердің санасында азаптауға мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру.

Форумға Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі, азаптауға қарсы үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, құқық қорғау және арнайы орган басшылары мен қызметкерлері, судьялар, адвокаттар мен кәсіби сарапшылар қатысты.

Облыс прокуроры Р.Ожаров азаптаудың алдын алуға бағытталған кешенді шараларға тоқталды. Кейінгі жылдары азаптау деректері бойынша 9 полиция қызметкерінің 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанын нақты мысалдармен көрсетті. Бұған

жол берген органның бірінші басшысының сөзсіз қызметінен босатылатынын ескертті. Ұжымда азаптау көріністеріне сыни көзқарасты қалыптастыруға және оған қоғам болып қарсы тұруға шақырды.

Қатысушылар проблемалық мәселелер мен оларды тиімді шешу жолдарын талқылап, бірлескен жұмыстың нәтижелі атқаруға ортақ ұжымдылық білдірді.

Іс-шараны қорытындылаған Р.Ожаров азаптаудың алдын алу бағыты бойынша сындарлы диалог үшін прокуратура органдарының әрдайым ашық екенін атап өтті. Профилактикалық шаралардың пәрменділігін арттыру жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

Қызылорда облысының  
прокуратурасы

## ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ АУРУ ЗАРДАБЫН ТАРТҚЫЗБАЙДЫ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – табиғи ошақтық аса қауіпті ауру. Осы кеселді жұқтыру көктем, жаз және күзде тіркеледі.

Бұл ауру адамдарға денесінде ауру қоздырғышы бар кене шаққанда, наукас адамдармен қарым-қатынаста жүғедей. Уақытылы дәрігерге көрінбесе, мүгеделікке, өлім жағдайына әкеледі. Вирус адам ағзасына жұққаннан кейін 1-14 күн ішінде алғашқы белгілері білініп, басы солқылдап, дене ыстығы көтеріледі және бүкіл денесі сырқырап, басқа да әртүрлі симптомдармен қатты ауырады. Соның салдарынан бойын әлсіздік билейді.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сәйкес ҚКГК ауруынан облыстағы 115 елді мекен қолайсыз болып танылды.

Осыған байланысты, залалсыздандыру (дезинсекция) жұмыстары басталмай тұрып, аса қауіпті аурудың зардабын тартпас үшін мал қораларының көң-килары

уақытылы алынуына, механикалық-санитариялық тазалануына әрбір тұрғын жауапты болуы қажет. Бұл тиісінше осы елді мекендегі санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың қалыпты сақталуына игі әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, кенеге қарсы ветпрепараттармен егу эктопаразиттермен қоса эндопаразиттерді де жойып, алдын алады. Бұл әлдеқайда тиімді екенін айта кету қажет. Иелері өз қаржысы есебінен кенеге қарсы ветеринариялық препараттармен (ивен, ивермек, ивермектин және т.б.) малын алдын ала егуі қажет. Препараттар үнемді әрі тиімді. Ивермек – инъекцияға арналған ерітінді сұйық дәрі. Дәрі малдың терісіне жабысып тұрған паразиттермен қоса ішкі құрылысындағы зиянды құрлықтарды жойып, малдың тез оңалуына септігін тигізеді.



Фото: Адам әрекетінен

Айта кету қажет, жайылымдар мен далалық жерлерде, егіс алқаптарында еңбек ететін адамдар кенеден сақ болғаны жөн. Жұмыс кезінде ұзын жеңді, ашық түсті киім киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып қою қажет. Дене барынша жабық болғаны дұрыс. Малды күту және қырым кезінде арнаулы қорғаныш киімдер мен қолғап киюді естен шығармаған абзал. Жұмыс соңында

аса сақтықпен (жалаңаш қолмен алуға болмайды) денесі мен киімдерінен кенеден тазартып отыруды әдетке айналдыруы қажет.

Кене шаққанда өздігінен емделуге болмайды. Себебі, денеге жабысқан кенені дұрыс алмасаныз, жағдай нашарлап кетуі мүмкін. Май тамызып алуға болмайды, қанға тойып алған кене тұншығып, қанды қайтадан жараға төге салуы мүмкін. Өзіңіз жұлып тастасаныз, тұмсығы теріде қалып қояды. Оны байқау өте қиын.

Ең дұрысы – денеге кенені пиццетпен немесе ілмек жасап жіппен сағат тіліне қарсы бағытта бұрап отырып алу. Шаққан жерді тек антисептик немесе спиртпен өңдеу керек. Егер өзіңізді кене шаққанын байқасаныз, мазасыздансаңыз немесе күдіктенсеңіз, міндетті түрде уақытылы дәрігерге көрініңіз. Лайым денсаулықта, амандықта болайық.

Облыстық ветеринария  
басқармасы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ  
**Марат АРАЛБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АК» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.